

МРНТИ 16.21.47

Ә.Ахмет

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты грамматика бөлімінің  
кіші ғылыми қызметкері, магистрант

## XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНЖАСАМ ҰСТАНЫМДАРЫ

**Аннотация:** XX ғасырдың басындағы терминжасам ұстанымдарынан бүгінгі таңда қазақ Тіл білімі үшін алатын тұстар мол. Сол кезде қабылданған аса мол терминдерді қайта қарап шығып, іріктеп, саралап, қолданысқа енгізуге болады. Мақалада осы айтылғандар дәйекті мысалдармен көрсетіледі.

**Тірек сөздер:** термин, терминжасам, ұстанымдар, принциптер, терминологиялық сөздіктер.

Ә.Ахмет

магистрант, младший научный сотрудник отдела грамматики Института  
языкознания им. А. Байтұрсынова

## ПРИНЦИПЫ ТЕРМИНООБРАЗОВАНИЯ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА

**Аннотация.** Современное казахское языкознание в начале XX века располагало множеством правил терминообразования. Термины, применявшиеся в начале XX века, можно пересмотреть а также отобрать, дифференцировать и снова ввести их в употребление.

**Ключевые слова:** термин, терминообразование, принципы, терминологические словари

A. Ahmet

Junior researcher of the grammar department of the Institute of Linguistics  
named after A. Baitursynuly, undergraduate

## THE TERMINOLOGY OF THE EARLY 20-TH CENTURY

**Annotation.** From the positions of the terminals in the beginning of the twentieth century, there are plenty of places for Kazakh language education to date. You will be able to re-examine, analyze, and differentiate more extensive terms that have been adopted at that time.

**Keywords:** terms, terminology, positions, principles, terminological dictionaries.

Терминдер яғни жаңа сөздер (кірме сөздер) бір ұлттың тілімен бірге пайда болып, сіңісіп, сол тілдің бір атауы ретінде қалыптасады. Әсіресе, көршілес, жақын қоныстанған халықтар арасында, солардың ішінде билеуші елдің тіл-жазуының ықпалынан құрамындағы ұлттар мен ұлыстардың тіліне көптеген атаулар енетіні табиғи құбылыс.

Бір халықтың тіліне кірме сөздер бірден кірігіп кете бермейді. Ұзақ жылдар, ғасырлар тіпті мыңжылдықтарда барып, ол сол ұлттың тіліне түбегейлі сіңеді. Оған бір-бірлеп санап көрсетпесек те, сан ғасырлық тарихымызда жақыннан мәдени байланыста болғандықтан, Араб-парсы тілдерінен енген сөздердің тілімізге сіңіп,

сынып, ана тіліміздің қорын толықтағаны дәлел. Тіл – Жаратқаннан қауымдарға берілген теңдессіз байлық болғандықтан, қайсы бір ру-тайпалар, ұлыс пен ұлттар ана тіліне кіргелі тұрған екінші бір тілдің атауларын талғаусыз қабылдай бермейді.

«Өнер-кәсіп төңкерісінен» бастау алған саяси, мәдени және экономикалық барыс-келіс негізінде Еурпадағы елдердің арасында терминдердің алмасу құбылысы қанатын кеңге жайып, ХХ ғасырдың басында қазақ даласына да ықпал ете бастады. Осы кезеңде әлемдегі көптеген ұлттардың тілдеріне шеттен енген сөздердің тым ауқымды түрде ықпал еткен мезгілі болды деуге болады. Ал, «жаһандану» үрдісі сұрапыл серпін берген бүгінгі таңда, терминдердің көз ілеспес жылдамдықпен әлем халықтары тілідерінде толассыз еніп жатқанының куәсіміз.

ХХ ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ұлт көшбасшылары ұлттық жазуымыз қалыптастырып, қазақ тіл білімін жоғары деңгейге жеткізгені баршаға аян. Тіл білімінің барлық салаларының дамуы, ғылыми тұжырымдардың, ғылыми ұстанымдардың қалыптасып, жоғары өреде өркен жаюына байланысты, біздің тілімізге тиек болған терминология, терминжасам істері де зерттеусіз қалған жоқ. Керісінше, қазақ терминологиясының сол кезеңдегі дамуы да, терминжасам ұстанымдарының қалыптасуы да қарқын алды.

Өткен ғасырдағы ана тіліміздің қасиетін бәрінен биік қойып, қазақ тілі үшін от кешкен ғалымдардың ортақ көзқарасынан мынаны аңғаруға болады: шеттен енген сөздерді тікелей қабылдайтын болсақ, ең әуелі сол жат тілдегі дыбыстар ана тілімізге біртіндеп енеді. Сондықтан, қазақ сөздік қорының тазалығын сақтаудан бұрын, дыбыстық базамыздың тазалығын қорғау маңызды, жат сөздерден бұрын, жат дыбыстардың тілімізге еніп кетуі қатерлі деп білгенін айқын көреміз. Оған дәлел ретінде А.Байтұрсынұлы төте жазуының оншақты жыл ішіндегі неше реткі ұтымды өзгерістерін айтуға болады. Төтеше әліпбиде шеттілдік сөздерге бейімделмейтін берік «қорғаныс» бар еді. Яғни төтеше жазумен шеттен енген терминді түпнұсқа күйінде айнытпай жазуға мүмкіндік жоқ. 1930 жылдан бастап қолданысқа енген латын әліпбиінде де ұлт зиялылары төтешедегі осы қасиетті сақтауға барынша мән бергенін байқаймыз. Яғни қазақ жазуын латынға көшіргеннің жөні осы деп, латынша әріптерді талғаусыз ала салған жоқ. Қазақ тілінде ғана бар өзгеше дыбыстарға латынның да өзгеше дыбыстарын алды. Ал, емлеге келгенде де төтеше жазудың емлесін бірқанша жылдар бойы сақтады. Осының бәрі де күннен-күнге үстемдік алып келе жатқан шетел сөздерінің ықпалынан, сондай-ақ орыс тілінің ықпалынан сақтану үшін болатын.

Өткен ғасырдың басында терминжасамда өте үлкен еңбек сіңіріп, өшпес үлесін қосқан ғалымдардың көшін Ахмет Байтұрсынұлы бастаса, Әлихан Бөкейханов, Елдес Омаров, Халел Досмұхамедұлы, Ж.Аймауытұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонанов қатарлы ғалымдардың еңбегі ерекше болды.

1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшаландыратын комиссия құрылады да, оны А.Байтұрсынұлы басқарады. Комиссия жат (өзге тілдік) сөздерді қабылдауда мына принциптерді басшылыққа алған:

- а) жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзін алу;
- ә) оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзін алу;
- б) түркі сөзі де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріп, еуропа сөзін алу.

Өз кезінде ғалымдар мен зиялылардың осы принциптен алқып кетпей, көбінесе пікірде бірауыздылық сақтағаны байқалады. Сол кездегі басылымдарда күн сайын қазақ жазуы алдынан көлденендеп шығып отырған проблемалар туралы жазармандар дер кезінде көзқаракты пікірлер айтумен болғаны байқалады.

*...Елдіңұғымында «Жылқышылық» жылқы өсіруге мағанасында емес. Жылқышылық деген жұрттың көбі жылқышы болады екенбіз деп ат тонын ала қашып жұрмесін*

*біреуді айта-ды: «Жылқышылық» пен «Өмірі өтті» деп. Жылқышылық орыстың «Пастушество» дегеніне келеді. Жылқы өсіру десе ел қазағы тез түсінбей ме? Даяр сөз тұрғанда «Бүйректен сирақ шығарыл» не керек. Қазақ тілі осы күнде мемлекет тілі болып отыр. Сондықтан жазуға талабы бар азаматтар «Тіл құралдары» мен Нәзірдің, Қалелдің «Үндестік заңы» туралы жазған кітапшалары мен танысу керек. Білімпаздар тобының қаулысы мен есептеспей жазған-дарды талқыға салу керек. «Үндестік заңына» бағынбайтын, Ерте зманда сіңіскен жат сөздер бар. Бұларды өзгерту қиын. Ал енді төңкерістен бері кірген жат сөздерді қалайда болса, «үндестік заңына» бағындыру керек [1]*

**XX ғасырдың басындағы терминжасамның жәй-күйін екі саладан қарауға болады:**

Бірі, оқулықтар, аударма еңбектер, және мерзімді басылымдар; екіншісі, сол кезде арнайы дайындалған сөздіктер.

Өткен ғасырдың басында ғылым мен білімге шөліккеп тұрған қазақ даласына әдеби, ғылыми кітаптар, газет-журналдар көптеп басылғанын білеміз. Алды неше жүз мың таралыммен таралған баспа өнімдері, халықтың ғылым мен мәдениетінің өсуіне, сол дәуірдің заманауи тұрғысынан айтқанда, сауатты ұлт ретінде қалыптасуына үлкен негіз қалады. Бүкіл қоғамда жаңа өркениет өркен жая бастағандықтан, оқулықтар мен басылымдарға сұраныс ерекше артты. Ал, бұл кезде шыққан кітаптардың іші толған термин еді. Ұлт көшбасшылары осынау жаңа дәуірде ана тілімізге енгелі тұрған ұшан-теңіз терминдерді мүмкіндігінше қазақшаға аударып, немесе қазақы тілдің заңдылығына сындырып пайдалануды қолға алды.

Әлихан Бөкейханның «жағырапиясы», А.Байтұрсынұлының «Тіл –құралы» мен «әдебиет танытқышы», М.Жұмабаевтің «педагогикасы», Ж.Аймауытовтың «психологисы», Елдес Омарұлының «пішіндемесі (геоматрия)», Тілеу ұлы Жұмағалидің «гигиениесі (саулық сақтығы)», т.б.

Бір ғана Абайұлы Тұрағұлдың «балалы әйел нені білуі керек», «қолдағы малдардың, құстардың құрт ауыру болмағының жәйі (Семейдің гүбірнелік баспасы 1925 жыл)» атты аудармалары, Н.Құлжанов «мектептен бұрынғы тәрбие (Оренбург 1923 г.)», Кемел ұлы Ғали М. Грематскейден аударған «жер үстіндегі тіршілік қалай басталып жаралды һәм өсіп-өнді (Мәскеу – 1924 жыл), Абдолла Байтасұлы «жануарлар туралы әңгімелер (Тәшкент 1924 жыл)», Ахмет Мамытұлы «өсімдіктер һәм олардың өмірлері» және «адам баласы қайдан келеді» т.б., көптеген еңбектер осы сөзімізге дәлел.

**1924 жылы Тілеуұлы Жұмағали аударып құрастырған «Гигиене» атты оқулықта терминдер өте мол.**

*Саулық сақтығы (гигиене, денсаулық қорғау ғылымы)*

*Жұрт (мемлекет ұғымын білдіреді: Грек жұрты, Жапан жұрты деген тіркестер бар)*

*Тән жүйесі (анатомия)*

*Шәр (қала)*

*Айырықша (айырмашылық, парық)*

*Уыз (белок)*

*Ұла*

*Әуірілу (айналу)*

*Кіреуке (тістің қабы)*

*Түйіртпектер (ішектің ішкі бұдыры)*

*Сүтсімақ (алғашқы тамақтардан пайда болған сүт секілді сұйық нәрсе)*

*Ыдыс (қан жүгіретін бостық)*

*Сіңім (көзге көрінбейтін ыдыс)*

*Деңк (қанға қызыл рең беретін зат)*  
*Бақалишақ (баишбай сүйектері)*  
*Сәрсендеме (гимнастика)*  
*Ереуіл қызмет (денедегі мүшелердің, буындардың бір біріне қарсы қызметі) [2].*  
**«Пішіндемеден» бірнеше мысал:**  
*Пішіндеме – геометрия*  
*Пішін – фигура*  
*Текше – параллелограм*  
*Жон — 1) возвышенная степь, 2) обе стороны спины*  
*Жөн — 1) направление, 2) правый*  
*Көлемдік — пространство*  
*Сынық сызық — ломаная линия*  
*Көпкіл – многоугольник (жай көпкіл, бес жақты көпкіл, үшкіл, төрткілдер де бар. – Ә. А)*  
*Теңгіл – куб*  
*Қия сыздық — диагональ*  
*Шеңбер — 1) обруч, 2) вместительный (о посуде)*  
*Кіндік — 1) пупок, 2) центр, 3) шворень*  
*Аша – циркуль*  
*Тиянақ — аксиома*  
*Түйін — теорема [3]*

Аталған терминдер жеке тұрғанда да, сөйлемде де «тілге жеңіл, жүрекке жылы». Яғни ғылымды қазақша сөйлеткен. Қазақ тілінің орасан мүмкіндігін ашқан.

*Көпкілдің барлық ішкі бұрыштары өз ара тең болса (қабырғаларының тең болған-болмағаны шарт емес,) ондай көпкілді тең бұрышты көпкіл дейді. Тең жақты үшкіл, тікше, шаршылар тең бұрышты болады.*

***Түйін: қостабанның ортан сызығы екі табанымен қатар болады да, сол екеуінің жары қосындысымен тең болады.***

*99-сүгіреттегі қостабанның бір бүйірінің ортасы N де, екінші бүйірінің ортасы M.*

*Шеңбердің кермесі кіндікке жақындаған сайын зорая береді: керменің кіндіктен алыстығы 0 болса (керме кіндіктің үстімен тартылса), ол керме керме болмайды, өре болады. Керме кіндікке жақындап зорая келе өреге жуықтайды; кермені өремен айырымын шексіз аз қылып жуықтатуға болады. Сондықтан кіндікке жақындап зораятын керменің шегі өре болады [4,111]. Сол кезеңдегі оқулықтар мен мерзімді басылымдар туралы осыншалық ақпарат беріп, енді сөздіктерді сөз етелік.*

XX ғасырдың басында жарық көрген терминологиялық сөздіктерді айтар болсақ, төмендегі бірнеше құнды кітап алдымен аталады.

***Қазақша-орысша тілмаш 1926 ж.***

***Орысша-қазақша Әскерлік атаулары, 1926 ж.*** (бұл атаулар қазақ білім кемесінің 1925-інші жылғы октябрьден 1926-ыншы жылғы үйенге шейін болған мәжілістерінде тексеріліп осы күйінде қабыл алынды.

*Қазақ білім кемесінің ағасы: Байтұрсын ұлы Ақымет*

*Кемесіе қатшысы: Нұрым ұлы Ғаббас, 12-інші үйен 1926-ыншы жыл. Қызыл Орда)*

***Пән сөздері:*** тізген Қаратышқанов, Қызылорда, 1927. 128 бет. Тиражы 10000 дана.

***Атаулар сөздігі:*** Қазағыстан баспасы, 1931

***Қазақша-орысша сөздік:*** Қазағыстан баспасы, 1936

***Қазақ тілінің терминдері:*** Қазағыстан баспасы, 1936

***Бекітілген пән сөздері***

Аталған бірнеше сөздіктердің сол кезде қолданыста ауадай қажет болғаны, әрі тарихи міндетін адал өтегені белгілі. Осы сөздіктердің бір-бірімен салыстырып, дәуір

өткен сайын кемелдену барысын зерттеп, зерделеп оқырман қауымға ұсыну бір шағын мақаланың емес, үлкен ғылыми жұмысқа тән салмағы ауыр тақырып болары сөзсіз. Сөзімізге дәйек ретінде аты аталған бірқанша сөздіктердің ішінен біреуін ғана таңдап алып, төмендегідей шағын кесте арқылы үзінді бердік. «Қаратышқанов тізген» деп аталатын бұл сөздіктің сол кездегі таралымының өзі-ақ біраз сырды айтады [5]. Ал, біз оқырман қауымға түсініктірек болсын деп терминдерді екі бағанға бөліп қарастырдық. Алдағы күндерде мүмкіндік туып жатса, осыдан ғасыр бұрынғы қазақ қоғамына сіңісе бастаған терминдердің ішінен сараптап, саралап, терминдер жинағын ұсынуға тырысамыз.

«Пән сөздері», тізген: Қаратышқанов (*Қызылорда, 1927. 128 бет. Тиражы 10 000 дана*)

Қазақша балама алынған терминдер	Қазақ тіліне сындырылған Еуропа сөздері
Авторитет — бедел	Аванс — абансы
Агроном — шаруа маманы	Автомат — аптамат
Аксиома — тиянақ	Автомобиль — аптамабіл
Алимент — тауқымет, напақа	Адютант — атұлтан
Алкоголь — есірткіш	Академия — әкедемие
Аллегория — бернелеу	Акт — әкті
Амбулатория — емқана	Алгебра — алжебір
Аналогия — сияқ	Акция — әксие
Анатомия — тән жүйесі	Аллюминий — әлімін
Аппарат — құрал	Арматура — арматыр
Аргумент — дәлел	Биржа — берже
Арьергард — артқы әскер	Большевик — бәлшебек
Арифметика — сан жүйесі	Вагон — бәгөн
Артиллерия — зеңбірек	Газ — ғаз
Архитектор — сәулет өнерпазы	Генерал — жанарал
Астрономия — аспан тану	Грамм — ғырам
Атмосфера — ауа	Директор — деректір
Багор — шот аяқ	Доктор — доктыр
Бадья — қауға	Институт — үністеті
Боклога — жан торсық	Календарь — кәлендір
Бассейн — алап	Калория — кәлөрі
Батальон — қосын	Камера — кәмір
Белок — көздің ағы, ұыз	Капсуль — кәпсөл
Блок — ұршық	Капуста — кәрпүсте, кәпүсте
Боковой — бүйір, жанама	Карантин — карантин
Барваризм — жатшылдық	Караул — карауыл
Великий человек — дана	Касса — қассы, қасты
Вертикальное направление — тік жөн	Кассир — кәстір
Вертикальные углы — тұстас бұрыштар	Каюта — қайұт
Воздух — әуе	Квитанция — кібітенсе
Воздушный шар — айырыстат	Книга — кенеге
Восприятие — түйім	Коллекция — кәлексие
Выписка — көшірме	Комиссар — кемесер
Гайка — тығырық	Комиссия — кемесие
Геометрия — пішіндеме	Коммутатор — көмітетір
Гигиена — саулық сақтығы	Кооператив, кооперация — кәперетіб

Қорыта келгенде, ана тіліміздің бояуы солғындамай тұрған кезеңде, ғылым мен білім өркен жайған өткен ғасырдың басындағы, оқулықтар, сөздіктер, мерзімді басылымдар қазақ халқы үшін қай кезде де құнын жоймақ емес. Әсіресе, бүгінгі «рухани жаңғыру» мен «қазақ жазуын латын әліпбиіне көшірудің» өтпелі кезеңінде біз үшін бағдар-шам болар материалдар баршылық. Аталған кітаптардағы және

сөздіктердегі сан мыңдаған терминдерді қайта қарап, кәдеге жаратар болсақ, мемлекеттік (ана) тіліміздің мәртебесін көтеріп, иқуатын жоғарылатуға үлкен септігі тиер еді. Бұдан сыр т, сол дәуірдегі ғылым, білім, әдебиеттің жауһарына айналған құнды материалдардан бүгінгі таңда лексикалық қорымыздан өшкіндеп бара жатқан қазақы сөз-сөйлемдерді көптеп кездестіруге болады. Зерттеп-зерделейтін болсақ, өте көп сандағы атау-терминдерді қайтадан қолданысқа енгізуге мүмкіндік ашылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Қошке, қотыр сөздер // Жаңа мектеп. – 1926. – № 14-15.
- [2] Гійгійене. Пбасқыш мектебтерүшін. Екінші басылуы. Қазақшаға аударушы: Тілеу ұлы Жұмағалый. Қызылорда, 1929.
- [3] Омар ұлы Елдес. Пішіндеме (1-бөлім). М.: –Қызылорда. 1928ж.
- [4] Омар ұлы Елдес. Пішіндеме (2-бөлім). М.: –Қызылорда. 1928ж.
- [5] Е.Омарұлы. Үш томдық шығармалар жинағы / 3-том. Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры. –2018 ж.
- [6] «Пән сөздері», тізген: Қаратышқанов, Қызылорда, 1927ж.